

Б.М. Жиенқожаев, Т.Г. Маханов

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТЕ ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақалада зайырлы мемлекетте деструктивті діни ағымдармен күрес мәселелері қарастырылады. Қазіргі заманда мемлекеттің діни ахуалы мен конфессияралық қатынасына ықпал ету саясаттың негізгі әсер ету құралына айналып отыр. Әлем мемлекеттері арасындағы қатынастар шегінде елдердің қоғамдық-саяси өміріндегі діннің орны мен рөлін зерделеу бүгінгі дінтанулық зерттеулер үшін маңызды болып табылады. Сонымен бірге, жаһандану үрдісінде дін мемлекеттіліктің, қауіпсіздіктің және рухани дербестіктің, дипломатиялық қатынастардың маңызды құралы екені белгілі. Аталған мәселені зерттеу аясында авторлар қоғамдық қатынастарды реттеудегі әдет-ғұрыпқа негізделген билер соты институтына және шетел тәжірибелеріне талдау жүргізеді. Авторлар дінтанушылардың, заңгерлердің еңбектерін зерделей отырып, деструктивті діни ағымдармен күресудің тиімді тетіктерін құру үшін, билер соты институтын қайта жаңғыртудың елеулі қырларын көрсетеді.

Түйінді сөздер: зайырлы мемлекет; конфессиялық; деструктивті діни ағым; әдет-ғұрып; билер соты; жаһандану үрдісі; рухани ақтау.

Б.М. Жиенкожаев, Т.Г. Маханов

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Косшы, Республика Казахстан*

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ДЕСТРУКТИВНЫМ РЕЛИГИОЗНЫМ ТЕЧЕНИЯМ В СВЕТСКОМ ГОСУДАРСТВЕ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы борьбы с деструктивными религиозными течениями в светском государстве. В современном мире влияние на религиозную обстановку и конфессиональные отношения государства становится основным инструментом влияния политики. Изучение места и роли религии в общественно-политической жизни стран в пределах отношений между государствами мира является важным для современных религиоведческих исследований. Вместе с тем известно, что в процессе глобализации религия является важным инструментом государственности, безопасности и духовной самостоятельности, дипломатических отношений. В рамках изучения данного вопроса авторами проводится анализ института суда биев и зарубежного опыта, основанный на обычаях в регулировании общественных отношений. Авторы, изучая труды религиоведов, юристов, указывают на существенные аспекты модернизации института суда биев для создания эффективных механизмов противоборства с деструктивными религиозными течениями.

Ключевые слова: светское государство; конфессиональное; деструктивное религиозное течение; обычай; суд биев; тенденции глобализации; духовное оправдание.

B.M. Zhienkozhaev, T.G. Makhanov

*The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,
Kosshy c., the Republic of Kazakhstan*

CURRENT ISSUES OF COUNTERING DESTRUCTIVE RELIGIOUS MOVEMENTS IN A SECULAR STATE

Abstract. The article deals with the issues of combating destructive religious movements in a secular state. In the modern world, the influence of the state on the religious situation and confessional relations is becoming

the main instrument of political influence. The study of the place and role of religion in the socio-political life of countries within the framework of relations between the states of the world is important for modern religious studies. At the same time, it is known that in the process of globalization, religion is an important instrument of statehood, security and spiritual independence, and diplomatic relations. As part of the study of this issue, the authors analyze the institute of the Biy court and foreign experience based on customs in regulating public relations. The authors, studying the works of religious scholars and lawyers, point out the essential aspects of the modernization of the institute of the Biy court in order to create effective mechanisms of confrontation with destructive religious movements.

Keywords: secular state; confessional; destructive religious trend; custom; biy court; globalization trends; spiritual justification.

DOI: 10.52425/25187252_2024_32_126

Кіріспе. Зайырлы мемлекеттегі деструктивті діни ағымдарды реттеу – қоғамды қорғау мен діни бостандық қағидаттарын сақтау арасындағы тепе-теңдікті талап ететін күрделі міндет болып табылады.

Діни ағымдарды реттеуге мемлекеттің араласуы белгілі бір діни топтарды қудалау мен кемсітуге әкеліп соғу қаупі бар. Себебі, «деструктивті діни ағым» деген ұғым субъективті көзқарастарға байланысты болғандықтан заң шығарушыға аталған ұғымның критерийлерін анықтау қиындық тудырады.

Зайырлы елде мемлекеттің діни бейтараптықты ұстануын пайдаланып кейбір діни топтар өздерінің сенімдерін саяси мақсаттарға жету үшін қолданады. Бұл діни тәжірибе мен саяси қызмет арасындағы айырмашылықтарды ажыратуда бірқатар проблемалық мәселелерге әкеліп соғады.

Сонымен қатар бірқатар деструктивті діни топтар халықаралық деңгейде жұмыс істегендіктен олармен күресте халықаралық ұйымдардың ынтымақтастығы талап етіледі. Аталған топтардың қызметін реттеуге тырысу діни көшбасшылар арасында өздерінің қызметтеріне өзге мемлекеттің араласуы деген түсінікпен наразылықтар тудыруы мүмкін.

Сондықтан мемлекеттің діни істерге қаншалықты араласу қажеттігін анықтау қиын мәселе болып табылады. Оған қоса шекарадан асып кету де қоғамда наразылық пен шиеленіс тудырады.

Мақаланың негізгі мақсаты – зерделенген мәселенің проблемалық қырларын ескере отырып, зайырлы мемлекетте деструктивті діни ағымдармен күресудің өзекті мәселе-

лерін ашып көрсетіп, шешу жолдарын ұсыну болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы дайындау процесінде құқық теориясында қалыптасқан әлеуметтік шындықты зерттеу мен білудің қазіргі ғылымда белгілі әртүрлі әдіс, тәсілдері қолданылды. Бұл әдістерге диалектикалық, жүйелік-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, эвристикалық, проблемалық-іздеу әдістері жатады. Аталған мәселені зерттеуде Қазақстандық және Ресейлік ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ алыс шетелдік тәжірибелер зерттелді.

Нәтижелер/талқылау. Қазіргі заманда адамзаттың жаһандану үрдісіндегі мәселелердің өзектісі деструктивті діни ағымдармен (бұдан әрі – ДДА) күрес екендігі анық. Мәдени, экономикалық және заңды кеңістіктерде жаһандану үрдісінде ДДА-дар жалпы адамзаттық құндылықтар арасындағы қақтығыстардың пайда болуына себеп болып, әртүрлі мәдениеттегі халықтардың және діни сенім-нанымдардың арасындағы наразылықтарды өршітетіні сөзсіз.

Сонымен қатар ДДА-дар қоғамдағы дәстүрлі діннің құндылықтарын жоққа шығарып, дәстүрлі дінге жат «идеяны» белсенді негізде насихаттайды. Қоғамда зайырлықты қалыптастырмау үшін, оған қарсы әрекеттер жүргізе отырып, белгілі бір діни конфессиялар арқылы, діни ағымдармен өз түсініктерін және көзқарастарын қалыптастырады. Бұған дәлел ретінде қазіргі таңдағы шығыстағы дәстүрлердің қақтығыстары өркениет заманында жаппай қантөгіске алып келіп жатқан алыс және жақын шетелдердегі қоғамдық-саяси ахуалды атап көрсетуге болады.

Сонымен бірге көптеген шетелдік ғалымдар деструктивті ағымдардың қоғам үшін қаншалықты қауіптілігі бар екендігін сипаттай отырып, бұл құралды пайда табу, адам саудасы, заңсыз есірткі айналымы, саяси қақтығыстарды ұйымдастыру және т.б. бағытта қолданатынын көрсетіп отыр [1]; [2]; [3]; [4].

Жаһандану үрдісінде ұлттың жеті қорғанына: тәуелсіздігі; экономикалық қуаты; тілі; діні; тегі; ділі; жан санына басты назар аударуымыз қажет деп есептейміз.

Ұлттың жеті қорғанының ішінде әдет-ғұрып ұлттың жеке мүшелерінің рухын көтеріп, жігерлендіретін, өзін жоғалтып алмауы үшін басты рөл атқаратын ерлік мінезі. Сондай-ақ өз ұрпақтарының болашағы үшін тектен-текке жалғана беретін, тарихи қалыптасқан қорғану жолы, өмір сүру дағдысы екені мәлім¹.

Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР)

– зайырлы, демократиялық мемлекет, мұнда әр азаматтың ар-ождан бостандығына кепілдік беріледі және барлық конфессия өкілдері заң алдында тең². ҚР көп конфессиялы ел ретінде азаматтардың діни сенім бостандығын және оның келешекте демократиялық, құқықтық дамуы қалыптастырылуын қамтамасыз етуге мүдделі болып табылады.

Қазіргі қоғамда тарихи және мәдени екі дәстүрлі діндерге, яғни сүнниттік ислам (ханафилік мазхаб) және православиелік христиандыққа негізделген. Сарапшылардың пікірінше, дінге сенушілердің саны XX ғасырдың 80-жылдарымен салыстырғанда 20-25% дан 90-95%-ға дейін өскен³. 2021 жылы RankingKZ мониторинг жобасы еліміздегі тұрғындардың діндарлық деңгейінің зерттеу нәтижелерін шығарды (Диаграмма).




Диаграмма. 2009 және 2021 жылдар аралығындағы Қазақстандағы дінге сенушілер саны

Ондағы деректер келесідей көрініс табады:

- сүнниттік мұсылмандар – 61,3%;
- православиелік христиандар – 26,17%;
- католиктер – 3%;

- құдайға сенеді, бірақ ешқандай діни бағытқа жатпайды – 15,8%;
- дінге сенушілер емес, бірақ басқа адамдардың діни сезімін құрметтейтіндер – 23,5%;
- атеистер – 9,1%;

¹ Ұлттың жеті қорғаны: қазақтың жағдайы қалай? / Inform buro [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://informburo.kz/kaz/ltty-zhet-orany-azaty-zhadayy-alay.html> (жүгінген күні: 08.12.2023).

² Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 ж. 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (жүгінген күні: 08.12.2023).

³ Қазақстандағы діни сенім бостандығы жайлы не білеміз. – 2022 / «Қазақпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі [Электрондық ресурс] – Айналыс ре-

жyмi: https://kaz.inform.kz/news/kazakstandagy-dini-senim-bostandygy-zhayly-ne-bilemiz_a3973915/ (жүгінген күні: 08.12.2023).

23,5%;

- атеистер – 9,1%.

2009 жылғы санақ кезінде анықталған мәлімет бойынша салыстырсақ, тұрғындардың діндарлық деңгейінде біраз өзгерістер бар:

- суниттік мұсылмандар – 70,19%;
- православиелік христиандар – 17,2%;
- католиктер – 1,3%;
- атеистер – 2,81%.

Қазақстан тұрғындарының 97%-ы өзін бір дінді ұстанады деп есептеген. 12 жыл ішінде суниттік мұсылмандар 8,89%-ға азайған, ал православиелік христиандар 8,97%-ға, католиктер 1,7%-ға көбейген. Атеистер саны да 6,29%-ға өскен. Бұл көрсеткіштер елімізде діни ұстанымға қатысты шектеулер жоқ екеніне дәлел болып табылады.

Мәселен, суниттердің азаюы олардың елден көшіп кетуімен байланысты емес, олар не басқа исламдық мазхабқа ауысты, не басқа дінді қабылдады, не атеистер тобын көбейтті. Христиандық бағыттардың көбеюі олардың миссионерлікпен айналысу (өз діндерін таратуға) құқықтарының шектелмегенін көрсетеді⁴.

Осы ретте, еліміздің діни бейтараптықты ұстануын пайдаланып кейбір діни топтар өздерінің сенімдерін саяси мақсаттарға жету үшін қолдану қаупі бар.

«Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп, өсіп-өнген заң ғана халық үшін жайлы болмақ. Бұл заң қаншалықты олпы-солпы болғанымен, сырттан телінген немесе жоғарыдан ұсынылған заңнан гөрі оған етене жақын, түсінікті де айқын екеніне ешқандай күмән жоқ» – деп Ш. Уәлиханов атап көрсеткендей [5, 4-б.], зайырлы елде мемлекет діндердің өз арасындағы және әдет-ғұрыпқа байланысты түсініспеушіліктен туындаған мәселерді реттеуге араласу мүмкіндіктерінің шектелуіне байланысты бұндай дауларды қоғам өзі әдет-ғұрып нормаларын басшылыққа алып реттеулері тиіс деп есептейміз.

Діни қатынастарда туындаған, мемлекеттің заңнамамен реттеуге мүмкіндіктерін шектейтін мәселелерді әдет-ғұрып

нормаларын басшылыққа алып реттеу романо-германдық құқықтық жүйенің қағидаларына сәйкес келмейді деген көзқарастар орын алуы мүмкін, алайда шетел тәжірибесіне үңілсек аталған саладағы қатынастарды реттеуге ерекше тәртіп орнатылғандығын көруге болады.

Мысалы, АҚШ-ның заңнамаларында ДДА-мен күресте құқық қорғау органдарының заңнамада талап етілетін сот және тергеу органдарының шешімінсіз адамға күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолданып, заңдық көмек көрсетпей тергеу әрекеттерін жасауға мүмкіншіліктері бар [6, 54-б.].

Сонымен қатар Сингапур заңнамасының маңызды ерекшелігі – ішкі істер министрі төмендегідей жағдайлардың бірі орын алғанда:

- әртүрлі діни топтар арасында өшпенділік, жеккөрушілік қатынастар туындағанда;
- кез-келген діни нанымды насихаттау немесе тәжірибеде іске асыру саяси мақсаттар мен қандай да бір партияның ісіне жәрдемдесумен ұштасса;
- діни нанымды насихаттап немесе тәжірибеде жүзеге асырып диверсиялық қызметті жүзеге асырса;
- діни нанымды насихаттау немесе қолдану арқылы Президент пен үкіметке наразылық білдірсе діни қызметкерге, монахқа, пасторға, имамға, немесе діни топты, ұйымды басқарудан тұратын басқа адамға, сондай-ақ оның мүшелеріне қатысты тыйым салу туралы бұйрық шығара алатын ереже бар [7, 331-б.].

Тарихқа көз жүгіртсек, патшалық Ресей Өкіметі Қазақстан жерін түгелдей иеленіп, халқын біржола тізе бүктіріп отарлау үшін қоғамдағы билер институтының және оның ерекше орнын жан-жақты зерттеген. Себебі, билер институтын құртпайынша қазақ халқын түгелдей айтқанына жүргізе алмасын жақсы түсінді⁵.

Сондықтан Ресей жан-жақты ықпалын күшейтуге бағытталған Қазақстандағы басқару мен сот саласындағы реформаларды

⁴ Соңғы жылдары елімізде христиан дінін ұстанатындар саны артты – дінтанушы. 2022 [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://azattyq-ruhy.kz/society/46330-song-y-zhyldary-elimizde-khristian-dinin-ustanatyndar-sany-artty-dintanushy> (жүгінген күні: 08.12.2023).

⁵ Қазақ еліндегі билер институтының тағдыры. 2016 / Qazaq uni [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://qazaquni.kz/rukhaniyat/60948-kazak-elindegii-biler-institutynyn-ta> (жүгінген күні: 08.12.2023).

жүргізуде жергілікті соттарда «халықтық әдет-ғұрып құқық нормаларын қолдануды шектеу» саясатымен қатар, дәстүрлі судьяларды ресми шенеуніктердің бір түріне айналдыру саясаты жүргізіліп отырды [8, 198-б.]. Осынау берік дәстүрлі, яғни билер институтын құрту керек болды.

Қазақ қоғамындағы сот процесінің басты мақсаты – бітім еді. Яғни, дауласушы не араздасушы жақтарды жұрт алдында келістіріп, бітімдестіру [9, 173-б.].

Академик С. Зиманов өзінің еңбектерінде «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған» дейді [10, 217-б.].

Әдетте би атаулы өзінің ойын дәлелдеп шығатын, соған үлкен дайындығы бар, өмірлік-пәлсапалық тәжірибесі мол, құқықтық мәселелерді терең меңгерген адамдардан іріктелген. Аңғаратын бір жайт, қазақта билердің айтқандарына бәрі мойынсұнған, бұл бір қаймағы бұзылмаған елдіктің әдемі нышандары болып табылған [11, 320-б.].

Адамзаттың жаһандану үрдісінде әртүрлі діни көзқарастар мен әдет-ғұрыптардың арасында туындағын мәселелердің барлығын қылмыстық қудалау заңымен реттеу мүмкін емес.

Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, *зайырлы*, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратындығы жазылған. Осындай типті мемлекетте дін мемлекеттік биліктен бөлінген және діни емес, азаматтық нормалар негізінде реттеледі, ал мемлекеттік органдардың шешімдерінің діни негіздемесі болуы мүмкін емес.

Біздің ойымызша, мемлекетіміздің зайырлылық белгісіне сүйене отырып, зерттеуіміздің тарихи көріністерін назарға ала отырып, Қазақстан халқы ассамблеясына

қарасты Ақсақалдар кеңесінің⁶ ұсынысы бойынша жергілікті маслихаттың отырысында арнайы сотты сайлау қажет деп санаймыз. Тиісінше, оларды жергілікті соттардың штатына енгізу, қаржылық-материалдық қамтамасыз ету мәселелері мемлекет тарапынан шешілсе екен деген ойдамыз. Сәйкесінше, аталған санаттағы дауларды (азаматтық, қылмыстық және басқа) ұсынып отырған соттардың соттылығына жатқызу керек, себебі қазіргі таңда қозғалып отырған мәселелер шегінде орын алатын даулар көптің қасы.

Мысалы, діни радикализм мәселесі негізінен әр түрлі діни ағымдардың бағыттары арасында келіспеушілікке байланысты туын-дайды. Солардың бірі ретінде «исламды тазарту» деп аталатын діни қозғалыстың ұстанушылары мен дәстүрлі мұсылман бағыттарының ізбасарлары арасында ұзақ уақыттан бері келіспеушіліктер орын алу деректерін атап көрсетуге болады.

Жүргізілген талдауға сәйкес, негізгі мәселелердің қатарында ханафиттік масхабтағы Қазақстан үшін дәстүрлі діни топтарды салафиттік түсініктегі діни топтардың мойындамауы бар. Салафизм идеологиясы дәстүрлі мазхабтарды мойындамайды, жамағатты дәстүрлі исламды үйрететін мешіттердің имамдарына бағынбауға шақырады. Осы себептен салафит теологиясы салттық бөлігі бойынша Араб түбегі халқының көп бөлігі үшін дәстүрлі діни ағым болып табылатын ханбалит мазхабымен сәйкес келеді.

Бұл мәселе бойынша діни ғалымдар, аталған діни идеологияны біздің қазақ қоғамына қауіп төндіріп отырған діни факторлардың бірі ретінде таниды [12, 84-б.].

Ал, ДДА-дың басты мақсаты «имандылық» идеологиясын өз қажеттіліктеріне қолдана отырып қоғамда қалыптасқан дәстүрлі діни көзқарастар мен әдет-ғұрыптар арасында алауыздық туындатып, халықтың ауыз біршілігін жойып, ұлттың қауіпсіздігіне нұқсан келтіру болып табылады. Сонымен бірге, діни ағым мүшелері өз өмірін теңестіру

⁶ Ақсақалдар кеңесі – сан-алуан мәселелерді талқылап, ұйғарымға келетін, ресми орындарға ұсыныс беретін көпшілікті басқарудың биресми қоғамдық түрі. Ақсақалдар кеңесінің тарихи көне дәуірден басталады.

мүмкіндігінен айырылады және олар таңдау мүмкіндігін жоғалтады [13].

Осы ретте, көшпенділердегі сот билігінің рухани өмір саласымен тығыз байланыстылығының тағы бір тұсы – сот процесіне қатысушылардың одан «жеңіп» не «жеңіліп» емес керісінше, «жеңілдеп» шығатындығын атап көрсетуге болады. Біз әрдайым сот саласының осы астарын естен шығармауымыз керек, яғни оның «рухани ақтау», «рухани жеңіске жеткізу» функциясына әлі де болса назар аударуымыз қажет [9, 181-б.].

Оған қоса, зерттеліп отырған мәселе, оның ішінде деструктивті діни ағымдармен күресуде билер соты институтына ұқсас органды қолдану жөнінде дербес жүргізілген ғылыми зерттеулер жоқ.

Осыған байланысты, зерттеу барысында әдет-ғұрыпқа негізделген билер соты институтына және шетел тәжірибелеріне талдау жүргізіліп, зайырлы мемлекетте деструктивті діни ағымдарға қарсы іс-қимылдың жаңа нысанын ұсынамыз.

Сондықтан жаңадан құрылатын билер сотының атауында және өндірісінде «діни», «саяси» деген терминнің орнына «мәдениетті қорғау», «мәдениет саласында шектен шығу» деген ұғымды қарастыру ұсынылады. Нақтылағанда, «Мәдениетті қорғау соты» атауын енгізген жөн.

Себебі, деструктивті діни ағымдар өкілдерінің арасында туындаған даулы мәселелерді реттеуде «діни», «саяси», «экстремизм», «терроризм» терминдерін қолдану тараптар арасында туындаған даулы мәселелерді одан әрі өршітіп, агрессия шақырады. Бұл ретте, «Мәдениетті қорғау сотының» басты мақсаты деструктивті діни ағымдардың жолына түсіп адасқан адамдар қоғамның, ұлттың мүдделеріне нұқсан келтірілмеуін реттеп, даулы мәселелерді шешу болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей нормативтік құқықтық актілер өзгертулер мен толықтырулар енгізуді қажет етеді:

- 1995 жылы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған «Қазақстан

Республикасының Конституциясы»;

- Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы;

- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі;

- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексі;

- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;

- Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы №3 «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі № 4 «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» Нормативтік қаулысы және т.б.

Қорытынды. Жоғарыда мазмұндалғанның негізінде, талданған ғылыми әдебиеттер мен ғалымдардың пікірлерін, тарихи мағлұматтарды талдау арқылы деструктивті діни ағымдарға қарсы тиімді іс-қимылды жүзеге асыру мақсатында келесі тұжырымдар жасалады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесінде діни және әдет-ғұрыптар арасындағы көзқарастарға байланысты туындаған мәселелерді реттейтін әдет-ғұрыпқа негізделген, тағайындалу тәртібі жергілікті жердегі ақсақалдар кеңесінің ұсынысы негізінде маслихаттар сайлайтын Мәдениетті қорғау соттарын құру қажет деп санаймыз. Бұл тұжырым (ұсыныс) бұған дейінгі ғылыми зерттеулерде ұсынылмаған.

Біздің ойымызша, «Хан ақсұңқар болса, алтын тұғыры би болар» – деген өте құнды халық мақалында көрсетілгендей, зайырлы елде мемлекет заңнамамен реттей алмайтын қатынастарды жергілікті әдет-ғұрып қағидасымен реттейтін соттардың қызметін орнату мақсатқа сай деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Boyle, R. Employing Trafficking Laws to Capture Elusive Leaders of Destructive Cults [Electronic resource] / R. Boyle // St. John's school of law legal studies research paper series. – Paper Number 15-0030, November 9, 2015. – Pp. 204-258. – Access mode: <https://ssrn.com/abstract=2690453> (Access date: 06.02.2024).
- 2 Clark, J.G. Destructive cult conversion: Theory, research, and treatment / J.G. Clark, et al. – Weston, MA: American Family Foundation, 1981. – 86 p.
- 3 Dittmann, M. Cults of hatred [Electronic resource] / M. Dittmann // Monitor on Psychology. – 2002. – № 33 (10). – Access mode: <https://www.apa.org/monitor/nov02/cults.html> (Access date: 06.02.2024).
- 4 Tretyakov, I. Destructive nature of manipulative content, created by criminal leaders of totalitarian pseudo-religious cults with modern information technologies [Electronic resource] / I. Tretyakov // Humanities & Social Sciences Reviews. – 2020. – № 8. – Pp. 931-940. – Access mode: https://www.researchgate.net/publication/344499548_destructive_nature_of_manipulative_content_created_by_criminal_leaders_of_totalitarian_pseudo-religious_cults_with_modern_information_technologies (Access date: 06.02.2024).
- 5 Ш. Уәлиханов. Сот реформасы жайында жазба: кіріспе мақала мен ескертулерді жазған / под ред. С.Ф. Ударцев. – Алматы: «Жеті жарғы», 2003. – 116 б.
- 6 Солопченко, Д.В. Новые тенденции развития законодательства об экстремизме и терроризме в Российской Федерации и за рубежом / Д.В. Солопченко // Российский следователь. – 2014. – № 6. – С. 52-55.
- 7 Бешукова, З.М. Противодействие экстремизму в странах азиатско-тихоокеанского региона: правовой опыт Сингапура / З.М. Бешукова // Библиотека криминалиста. – 2014. – № 5. – С. 329-333.
- 8 Зиманов, С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі / С.З. Зиманов. – Алматы: Ата-мұра, 2008. – 216 б.
- 9 Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары; құрастырған: З. Кенжалиев және т.б. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 208 б.
- 10 Зиманов, С.З. Қазақ даласында әділ соттың «Алтын ғасыры» / С.З. Зиманов // Қазақтың Ата заңдары: 10 томдық. III том. – Алматы, 2004. – 616 б.
- 11 Адамбаев, Б. Асыл қазына / Б. Адамбаев. – Алматы: Ана тілі, 2009. – 819 б.
- 12 Шохаев, Е.К. Мухаммед Бин Абдулааххабтың көзқарастарындағы тәкфирлік идеяның алғышарттары (Күмәндарды әшкерелеу (Кәшф әш-шубухат) трактатының негізінде) / Е.К. Шохаев, Ш.Т. Керім, А.Б. Әкімханов // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – 2017. – № 4 (62). – 75-85 б.
- 13 Rousselet, O. Grall-Bronnec, Cult membership: What factors contribute to joining or leaving? [Electronic resource] / O. Rousselet, J.B. Duretete, M. Hardouin // Psychiatry Research. – 2017. – Volume 257. – Pp. 27-33. – Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.psychres.2017.07.018> (Access date: 06.02.2024).

References:

- 1 Boyle, R. Employing Trafficking Laws to Capture Elusive Leaders of Destructive Cults [Electronic resource] / R. Boyle // St. John's school of law legal studies research paper series. – Paper Number 15-0030, November 9, 2015. – Pp. 204-258. – Access mode: <https://ssrn.com/abstract=2690453> (Access date: 06.02.2024).
- 2 Clark, J.G. Destructive cult conversion: Theory, research, and treatment / J.G. Clark, et al. – Weston, MA: American Family Foundation, 1981. – 86 p.
- 3 Dittmann, M. Cults of hatred [Electronic resource] / M. Dittmann // Monitor on Psychology. – 2002. – № 33 (10). – Access mode: <https://www.apa.org/monitor/nov02/cults.html> (Access date:

06.02.2024).

4. Tretyakov, I. Destructive nature of manipulative content, created by criminal leaders of totalitarian pseudo-religious cults with modern information technologies [Electronic resource] / I. Tretyakov // Humanities & Social Sciences Reviews. – 2020. – № 8. – Pp. 931-940. – Access mode: https://www.researchgate.net/publication/344499548_destructive_nature_of_manipulative_content_created_by_criminal_leaders_of_totalitarian_pseudo-religious_cults_with_modern_information_technologies (Access date: 06.02.2024).

5. Sh. Uәlihanov. Sot reformasy zhajynda zhazba: kirispe maқala men eskertulerdi zhazfan / pod red. S.F. Udarcev. – Almaty: «Zheti zharfy», 2003. – 116 b.

6. Solopchenko, D.V. Novye tendencii razvitiya zakonodatel'stva ob jekstremizme i terrorizme v Rossijskoj Federacii i za rubezhom / D.V. Solopchenko // Rossijskij sledovatel'. – 2014. – № 6. – S. 52-55.

7. Beshukova, Z.M. Protivodejstvie jekstremizmu v stranah aziatsko-tihookeanskogo regiona: pravovoj opyt Singapura / Z.M. Beshukova // Biblioteka kriminalista. – 2014. – №5. – S. 329-333.

8. Zimanov, S.Z. Қазақтың билер соты – biregej sot zhyjesi / S.Z. Zimanov. – Almaty: Ata-мұра, 2008. – 216 b.

9. Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары; құрастырған: Z. Kenzhaliev және т.б. – Almaty: Zheti zharfy, 1996. – 208 b.

10. Zimanov, S.Z. Қазақ даласында әдил соттың «Altyn ғасыры» / S.Z. Zimanov // Қазақтың Ata заңдары: 10 томдық. III том. – Almaty, 2004. – 616 b.

11. Adambaev, B. Asyl қазына / B. Adambaev. – Almaty: Ana tili, 2009. – 819 b.

12. Shohaev, E.K. Muhammed Bin Abduluahhabтың көзқарастарындағы тәкфирлік идеяның алғышарттары (Күмәндарды әшкереу (Кәشف әш-шубуһат) трактатының негізінде) / E.K. Shohaev, Sh.T. Kerim, A.B. Әкімханов // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ зһаршһсы. Filоsofija serijasy. Mәdeniетtanu serijasy. Sajasattanu serijasy. – 2017. – № 4 (62). – 75-85 b.

13. Rousselet, O. Grall-Bronnec, Cult membership: What factors contribute to joining or leaving? [Electronic resource] / O. Rousselet, J.B. Duretete, M. Hardouin // Psychiatry Research. – 2017. – Volume 257. – Pp. 27-33. – Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.psychres.2017.07.018> (Access date: 06.02.2024).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Бүркітбай Маратұлы Жиенқожаев – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының магистранты, e-mail: zhienkozhaev@bk.ru.

Жиенқожаев Бүркітбай Маратович – магистрант Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, e-mail: zhienkozhaev@bk.ru.

Zhienkozhaev Burkutbai Maratovich – Master's Student of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, e-mail: zhienkozhaev@bk.ru.

Талғат Ғабитұлы Маханов – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының қылмыстық процесс проблемаларын зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының магистрі, e-mail: makhanov1986@mail.ru.

Маханов Талғат Габитович – старший научный сотрудник Центра исследования проблем уголовного процесса Межведомственного научно-исследовательского института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, магистр юридических наук, e-mail: makhanov1986@mail.ru.

Makhanov Talgat Gabitovich – Senior Researcher at the Center for the Study of Criminal Procedure Problems of the Interdepartmental Research Institute of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Master of Law, e-mail: makhanov1986@mail.ru.